

Н.А. Рахымбаев, Қ.С. Жакипбеков, М.З. Аширов, М.А. Хайдарова, А.К. Смағұл
С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университеті
Алматы, Қазақстан Республикасы

ЗАМАНАУИ ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ НАРЫҚТАҒЫ РЕКТАЛЬДІ ДӘРІЛІК ЗАТТАРДЫҢ МАРКЕТИНГТІК ЗЕРТТЕУЛЕРІ

Ректальді дәрілік қалыптарға маркетингтік зерттеулер жүргізілді. Заманауи фармацевтикалық нарықтағы суппозиторийлердің сұраныста болуы және өзектілігі зерттелді. Ректальді дәрілік қалыптардың номенклатурасын зерттеу барысында Қазақстанда қолдануға рұқсат етілген дәрілік заттар туралы деректердің ақпарат қорының негізінде жүргізілді.

Түйінді сөздер: суппозиторийлер, ректальді дәрілік препараттар, маркетингтік зерттеулер, Мемлекеттік реестр

Кіріспе: Медицина тәжірибесіндеректальді дәрілік қалыптар өте маңызды орынды алады [1]. Суппозиторийлер басқа препараттардың алдында көптеген артықшылыққа ие, әсіресе оларды педиатрия және геронтология тәжірибесінде көп тағайындайды[2-3]. Ректальды дәрілік түрлер әсер ету жағынан инъекциялық дәрілік қалыптармен бәсекелеседі [4].

Жұмыстың мақсаты: Ректальді препараттардың номенклатурасын және сұраныста болуын кейінгі ғылыми жұмыстар үшін зерттеу.

Материал жәнезерттеу әдістері.


Ректальді дәрілік препараттардың номенклатурасын маркетингтік зерттеу барысында Қазақстанда қолдануға рұқсат етілген дәрілік заттар туралы деректердің ақпарат қорының контент – талдамасы, олардың жүйелендірілуі және салыстырмалы және графикалық талдаулар негізінде жүргізілді.

Зерттеу нәтижелері және олардың талқылануы.

Біз Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген дәрілік заттардың маркетингтік ақпараты бар төмендегідей ғылыми және ресми анықтамалық басылымдарға талдау жүргіздік:

- 1) Дәрілік заттар және медициналық мақсаттағы бұйымдардың Мемлекеттік Реестрі;
- 2) Қазақстандағы дәрілік заттарының Реестрі;
- 3) Дәрілер энциклопедиясы;

Талдау мәліметтері Қазақстанның заманауи фармацевтикалық нарығындағы суппозиторийлердің 14,69%-ы отандық препараттарды құрайтынын және 85,31% шетелдерде өндірілетінін көрсетті. Еліміздің нарығындағы ректальды дәрілік қалыптарды жасап шығару мөлшері бойынша көшбасшы мемлекет Ресей (32,77%), екінші орында Молдова Республикасы (8,47%), үшінші орында Үндістан (7,34%), содан соң Германия мен Италия (6,22%-дан), одан кейін Украина мен Франция (5,09%-дан), сосын Польша (3,39%) тұр. Басқа 9 мемлекетті қоса есептегенде дәрілердің меншіктік үлесі 10,72%-ды құрайды. Шетел өндірушілерінің мемлекеттер бойынша талдау нәтижелері 1-суретте келтірілген.



Сурет 1 - ҚР нарығындағы ректальді суппозиторийлер үлесінің мемлекеттер бойынша талдау нәтижелері

Дәрігердің рецептінсіз босатылатын ректальді дәрілік препараттардың мөлшері 63,84%- ды құрады, ал препараттардың 36,16%-ы дәріханаларда рецептпен босатылады. 2- суретте рецептпен және рецептсіз босатылатын ректальдідәрілік қалыптардың қатынасы көрсетілген.



Сурет 2 - Ректальді суппозиторийлермысалында рецептпен және рецептсіз босатылатын дәрілік қалыптардың қатынасы

Суппозиторийлерге деген сұранысты анықтау үшін халықтан әлеуметтік сұрау арқылы зерттеу жүргізілді. Бұл үшін сауалнама әзірленді, оған 10 сұрақ кіреді.

Әлеуметтік сауалнама Алматы қаласының дәріхана тұтынушыларының арасында 2018 жылдың қазан айында өткізілді. Жалпы саны 50 адам қатысты. Олардың 21-і ер (58%), 29-ы (42%) әйелдерді құрады. Респонденттердің жас топтары бойынша бөлінуі бойынша мәліметтер 3 – суретте көрсетілген.




Сурет 3 - Респонденттердің жас топтары бойынша бөлінуі

Әлеуметтік жағдайы туралы сұрақтарға жауап бергендердің ішінде: «жұмысшы» - 32%, «жұмыссыз» - 12%, «кәсіпкер» - 14%, «студент» - 20%, ал «зейнеткер» - 22% құрады. Сұралғандардың әлеуметтік жағдайы бойынша бөлінуі туралы мәліметтер 4 – суретте көрсетілген.




Сурет 4 - Әлеуметтік жағдайы бойынша бөлінуі туралы мәліметтер

Сауалнамаға қатысқандардың 8%-ы «500-ге дейін», 12%-ы «500-1000», 30%-ы «1000-5000», 50%-ы «5000 және жоғары» қаржысын ай сайынғы дәріге жұмсайды екен. Сауалнама қатысқандардың ай сайынғы дәріге жұмсайтын қаржысы туралы мәліметтер 5 – суретте берілген.



Сурет 5 - Сауалнама қатысқандардың ай сайынғы дәріге жұмсайтын қаржысы

Респонденттердің дәріханадан ректальды дәрілік препараттарды сатып алғанда жарнамаға – 16%-ы, дәрігер кеңесіне – 40%-ы, фармацевт кеңесіне – 20%-ы, туыс-достарының ұсынысына – 10%-ы жүгінеді, ал 14%-ы өздері таңдайды екен (6 сурет).



Сурет 6 - Респонденттердің дәрілерді сатып алудағы таңдау мотивациясының көрсеткіштері

Алынған деректер суппозиторийлердің өзектілігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Заманауи фармацевтикалық нарықта суппозиторийлердің ерекше маңызы бар, педиатриялық тәжірибеде және гериятрияда қолданылады.

Қорытынды.

- 1.Қазіргі заманғы фармацевтикалық нарықтағы ректальді дәрілік препараттарға сұраныс зерттелді.
- 2.Зерттеу нәтижелері Қазақстандық фармацевтикалық нарықтағы ректальді дәрілік препараттардың 14,69%-ын отандық және 85,31%-ын шетелдік өндіріс құрады.

3.Терапевтік мақсаттар үшін респонденттердің 40%-ы дәрігерлердің тағайындауы бойынша, ал 16%-ы жарнамаға сүйеніп, ал 14%-ы өздері сатып алады.

4. Зерттеу мәліметтері суппозиторийлердің дәрілік препарат ретінде сұранысқа ие екендігін куәландырады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 М.А. Балабудкин, Л.А. Климов, В.В. Скиба и др. Интенсивная технология детских суппозиториях // Человек и лекарство: тез. докл. 2 Рос. нац. конгр. 10–15 апр. 1995 г. – М.: 1995. – С. 7–8.
- 2 Машковский М.Д. Лекарственные средства. – М.: Новая волна, 2010. – 1216 с.
- 3 Лекарственные препараты в России. Справочник Видаль. - М.: ЮБММедика Рус, 2014. – 1600 б.
- 4 Куль И.Я., Саенко А.Ю., Попова Е.А. Маркетинговые исследования ректальных лекарственных средств на современном фармацевтическом рынке // Современные проблемы науки и образования. – 2015. – № 5. – С. 22-29.
- 5 Қазақстан Республикасының мемлекеттік реестрі URL: <http://dari.kz>

Н.А. Рахымбаев, Қ.С. Жакипбеков, М.З. Аширов, М. А. Хайдарова, А.К. Смағұл
*Казахский Национальный медицинский университет имени С.Д. Асфендиярова,
Алматы, Республика Казахстан*

МАРКЕТИНГОВЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ РЕКТАЛЬНЫХ ЛЕКАРСТВЕННЫХ СРЕДСТВ НА СОВРЕМЕННОМ ФАРМАЦЕВТИЧЕСКОМ РЫНКЕ

Резюме: Осуществлены маркетинговые исследования ректальных лекарственных форм. Исследована востребованность и актуальность суппозиториях на современном фармацевтическом рынке. Исследования номенклатуры ректальных лекарственных форм проводились на основе информационной базы данных о лекарственных средствах, разрешенных к применению в Казахстане.

Ключевые слова: суппозитории, ректальные препараты, маркетинговые исследования, Государственный реестр

N.A.Rakhymbayev, K.S. Zhakipbekov, M.Z. Ashirov, M.A. Khaydarova, A.K. Smagul
*Asfendiyarov Kazakh National medical university,
Almaty, Republic Of Kazakhstan*

MARKETING RESEARCH ON RECTAL MEDICINES ON MODERN PHARMACEUTICAL MARKET

Resume: Carried out marketing research of rectal dosage forms. The relevance and relevance of suppositories in the modern pharmaceutical market has been investigated. Investigations of the nomenclature of rectal dosage forms were carried out on the basis of an information database of medicines approved for use in Kazakhstan.

Keywords: suppositories, rectal preparations, marketing research, State Register